



73-МҮЗЗӘММІЛ СҮРЭСІ

Меккеде түскен. Жиырма аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді
 Алланың атымен бастаймын.
 Әй бүркеніп жатушы (Мұхаммед
 F.C.)! (1) Түнде тұр. Бірақ аз ұйықта;
 (2) Түннің жарымын немесе одан да
 аздап кеміт. (3) Не оған бігаз қос.
 (Түннің жартысында не одан аз, я
 көп тұруда еріктісің.) Сондай-ақ
 Құранды өте анықтап оқы. (Намаз
 парыз болудан бұрын, түнде ояу
 тұру парыз болған. А.Т.Х.) (4) Әрине
 саған салмақты (маңызды) Құранды
 түсіреміз. (5) Шын мәнінде түнде
 тұру, нәпсіге әсерлі, оқуға
 қолайлы... (6) Расында күндіз сенің
 ұзын жұмысын бар. (7) Раббыңның
 атын дәріптеп, әр нәрседен аулақ
 болып, Оған нағыз жөнел. (8) Ол,
 шығыстың да батыстың да Раббы.
 Одан басқа ешбір тәңір жоқ.
 Сондықтан Оны ие тұт. (9) Олардың
 айтқандарына сабыр ет. Олардан
 сыпайы түрде айрыл. (10) Жасынға
 шығушы ырыс иелерін Маған
 таста. Оларға біраз мұрсат бер.
 (43-С. 23-А.) (11) Расында Біздің
 алдымызда боғаулар және тозақ бар.
 (12) Қақалатын тамақ әрі жан
 түршігерлік азап бар. (13) Сол күні,
 жер мен таулар қозғалады да таулар



құм боп жиналады. (14) Расында Біз
 Перғауынға пайғамбар жібергендей
 сендерге де куә түрінде Пайғамбар
 жібердік. (15) Сонда Перғауын
 пайғамбарға қарсы келді.
 Сондықтан оны қатты қинаумен
 қолға алдық. (16) Егер қарсы
 келсеңдер, балалардың да шашын
 ағартатын күннен қайтып
 сақтанасыңдар. (17) Ол күннің
 зардабынан көк жарылады, Алланың
 уәдесі орындалады. (18) Расында бұл
 бір насихат. Ал енді кім қаласа,
 Раббының жолын ұстайды. (19)



жүзінде кезгендер, тағы басқа Алла жолында соғысқандар Аллаға мәлім. Ендеше Құраннан оңай келгенін оқыңдар. Және намазды толық орындандар да зекет беріндер. Алла үшін көркем қарыз беріндер. Және өздерің үшін алдын ала хайыр істесеңдер, оны Алланың қасында жақсы, зор сыйлық түрінде табасыңдар. Алладан жарылқау тілендер. Шын мәнінде Алла, тым жарылқаушы, ерекше мейірімді. (20)

74-МҮДДӘССИР СҮРЭСІ

Меккеде түскен. Елу алты аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед Ғ.С. алғаш Жебрейіл Ғ.С. ді көргенде қобалжып: "Жабыңдар, мені жабыңдар" деп жамылып жатады. Б.Ж.М.Р.) Әй жамылушы! (1) Түр енді! Адамдарға ескерт! (2) Раббыңды ұлықта! (3) Киіміңді тазала! (4) Әр түрлі лас істерден аулақ бол! (5) (Қылған ісіңді) көп міндет қылма. (6) Раббың үшін сабыр ет. (7) Қашан Сүр түрлесе; (8) Міне сол күн, өте ауыр күн. (9) Негізінен қарсы келушілерге қолайсыз. (Құрайш руынан Мұғайяра ұлы Уәлит Құранды әсерлі жады деген. Б.Ж.Р.М.Х.Т.) (10) Мен жалғыз жаратқан кісіні өзіме таста. (11) Оған көптеген мал бердім. (12) Әзір тұратын ұлдар бердім. (13) Оның жағдайын кеңітіп, ықпалын арттырдым. (14) Сосын тағы да арттыра түсуімді үміт етті. (15) Әсте болмайды. Өйткені ол, қасарысқан еді. (16) Жақында оны өрге зорлаймын. (17)

(Мұхаммед Ғ.С.) сөз жоқ, Раббың, сенің әрі сенімен бірге болғандардан бір топтың, түннің үштен екісіне жақынырақ, жартысында, үштен бір шамасында намазға тұрғаныңды біледі. Сондай-ақ Алла, түнімен күндізді шамалайды. Оған сендердің есептей алмайтындықтарың мәлім. Сондықтан сендерге рахым қылды. (Түнде тұруды қалдырды. Б.Ж.М.) Ал енді Құраннан жеңіл келгенін оқыңдар. Сендерден науқас болғандар, басқалай Алланың мәрхаметінен несібе іздеп, жер